

ӘОЖ 636.32/38.082

Құлатаев Б.Т.¹, ауылшаруашылығы ғылымдарының докторы, профессор
Есеналиева Ж.², магистрант

¹«Қазақ ұлттық аграрлық университеті» КеАҚ, Алматы қ., Қазақстан Республикасы

² «Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті» КеАҚ, Орал қ., Қазақстан Республикасы

**ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫНДАҒЫ «ЖЫЛЫ-БҰЛАҚ» ШАРУА ҚОЖАЛЫҚ
ЖАҒДАЙДАҒЫ ҚОЙЛАРДЫ АЗЫҚТАНДЫРУ МЕН КҮТІП-БАҒУ
БРЕКШЕЛІКТЕРІ**

Аннотация

Жануарларды мөлшерлеп азықтандыру өнімнің синтезі мен тіршілік қызметін дұрыс жүргізу үшін организмге қажетті көрсеткіштердің арқасында азықтандыру мөлшері негізінде іске асырылады. Өз тіршілік қызметін жүргізу үшін организмнің қажеттілігі өнім пайда болуына керекті көрсеткіштер қосылатын азықтандыруды қолдау нормалары арқылы жүргізіледі.

Қойға керекті қоректік заттардың мөлшерін анықтау-қойдың тұқымына, жынысына, жасына, тірілей салмағына, өнімділігіне, саулықтың буаз-қысырлығына және сол шаруашылықтың негізгі бағытына байланысты болады. Қойды дұрыс азықтандыру мәселесінің маңызы өте зор болады. Дұрыс азықтандырылмаса, қойдың тіршілігін сақтау, олардан жүн, ет, сүт өнімдерін мол алу, буаз қойлардың іштегі төлін жақсы жетілдіру мүмкін болмайды. Қой тиісті норма бойынша жақсы азықтандырылса, берілген азық босқа ысырап болмайды.

Азық нормасы дегеніміз- қойдың тіршілігін сақтап, одан тиісті өнім алу үшін жұмсалатын қоректік заттардың анық жасалған мөлшері болады. Азықтың қоректілігін азық бірлігімен есептеледі.

Түйін сөздер: азықтар, шөп, азық бірлігі, сіңімді белогі, қыша, аминқышқылдары, минералды заттар.

Тақырыптың өзектілігі: Қой шаруашылығы – өнімді де, табысты сала. Ол халықты сапалы етпен, өндірісті – жүн, тері, елтірі сияқты шикізатпен қамтамасыз етеді. Қой өзінің жаратылысында – жайылым малы, көк шөп оның табиғи азығы. Қой жайылымда ұстауға жақсы бейімделген. Мал жеуге пайдаланатын 800 өсімдік түрінен: қой 520-нан аса түрін жейді. Қой денесінің 100 кг салмағына 3,2- 3,8 кг құрғақ затты азық талап етеді. Қой мен ешкі осы шөптердің 38%-кежуығын жейді. Қойларды биологиялық құнарлы азықтармен қамтамасыз ету, олардың аман сақталуы мен өнімінің молаюының бірде-бір кепілі болып саналады. Рационда неғұрлым күкірті бар аминқышқылдары (цистеин, цистин, метионин) көп болса, солғұрлым қой жүні өседі. Азықтағы протейннің мөлшері емес, сапасы мал өніміне айтарлықтай әсерін тигізеді. Басқа малдармен салыстырғанда, қойлардың қатаң азықтың түрі, құрамы мен сапасына сезімталдығы жоғары болады.

Жұмыстың ғылыми жаңалығы: бірінше рет нақты жобаның аумағында ауыл шаруашылығы малдарын тиімді жаю жолымен отарлық жайылымдарды тиімді қолдану мен табиғи оттылықтың өнімділігін арттыру бойынша кешенді зерттеулер жүргізіліп жатыр.

Жұмыстың тәжірибелік маңыздылығы: оқшаулау, ал одан кейін жайылымдардың деградациясын тоқтату, шектен тыс жаюдан жоғалған биотүрлілікті қалпына келтіру, жайылымдық кезеңде малдарды азықпен бірқалыпты қамтамасыз ету, жобалық жұмыс аяқталғаннан кейін мал шаруашылығы өнімдерінің шығымын азайтуға негізделеді.

Жұмыстың мақсаты: жайылымдарды маусымдық қолдану кезінде табиғи оттылықтың өнімділігін арттыру және малдарды тиімді жаю арқылы олардың өнімділігін арттыру мүмкіндігін көрсету.

Зерттеудің міндеті: 2016 жылы ГЗКТЖ өткізу кестесіне сәйкес, келесі шаралар жетілдірілген:

-жайылымдардың жағдайын анықтау мақсатында жайылымдық аумақты зерттеу, GPS спутник жүйесін пайдалану арқылы өсімдіктердің сұлбасын анықтау және жобалық аумақты малдың жайылымына арналған 3 маусымдық жер теліміне бөлу;

-бекітілген алаңдардағы топырақтың ылғалдылығын, көлемдік массасын анықтау;

Зерттеу әдістері Жобалық аумақты геоботаникалық зерттеу келесі бойынша жүргізілген «Инструкции и методике ботанико – кормового обследования сенокосных и пастбищных угодий на территории Казахстана», Алма-Ата, 1969.

-топырақтағы судың қорын анықтау – 4 нүкте, 0,5 м әр 10 см сайын бұрғылау арқылы термотаразылық әдіспен жыл мезгілдеріне сәйкес жүзеге асырылған: көктем, жаз және күзде үш ретті дүркінділікпен;

-үш бекітілген алаңда топырақтың көлемдік массасын анықтау, 10 см-лік қабат сайын 50 см-ге дейін үш ретті дүркінділікпен;

-жайылымдық өсімдіктердің өсуі мен дамуына фенологиялық зерттеулер визуалды түрде жүргізілген, бұл жерде өсімдіктердің өз жасына қарай дамуының негізгі фазалары белгіленеді;

-өсімдіктердің бойы жасыл масса өнімін ескергенге дейін әр түрдің 25 өсімдігін өлшеу арқылы анықталды;

-табиғи жайылымдардың жасыл масса өнімін ескеру белгіленген өсімдік контуры бойынша, жайылымдық кезең үшін 10м² жүзеге асырылады;

Зерттеу нәтижелері Қойлардың жүндерінің сапасын төмендетпеу жолында, сол сияқты оларды тікенек шөптердің ішіне жібермей маяларды қоршап қояды. Малдың қоректік заттарға деген қажеттілігі арнайы жүргізілген ғылыми-шаруашылық, физиологиялық тәжірибелерде зерттелді, жан-жақты жүргізілген зерттеу жұмыстарының нәтижесінде малдың біркелкі өсіп, сүт, ет, жүн сияқты өнім беруі, буаз малдың іштегі төлі дұрыс жетілуі үшін олардың организміне қажетті қоректік заттардың мөлшері, яғни азықтандыру нормасы анықталды. Ұрықтандырудың алдында 1,5-2 ай бұрын арпа жармасы, жүгері, сұлы ұнтақтары т.б. құнарлы азықтармен қоректендіру (протейндері мол) қоздауын 10-30 % арттырады. Күйлі саулықтар ірі қозылар туып, сүті мол болады. Сол сияқты қойларды сүрлеммен азықтандырған сүтін 15-22 %, жүнін – 20 % жоғарлатады. Буаз саулықтар минералды заттарға сұранысы жоғары болып, туардың алдында, әсіресе кальций және фосфорға тәуліктік сұранысы 10 есе артады. Рационда кальций, фосфор, кобальт, мыс, йод, жез, темір, марганец және витаминдер А, Д, Е жетіспеушілігі өте әлсіз қозылардың тууына және саулықтың сүтінің кемуіне апарып соғады. Қойларға арналған азықтар сапалы болып, ас қорту жүйелерінің ауруларына ұшыратпайтын, әсіресе ұнтақты азықтар тыныс жолдарына тұрып, өкпесіне кетіп, әртүрлі ауру тудырмас үшін дымқылдап берген дұрыс. Ас тұзы мен зат алмасу процесстерінің жұмысын бұзып уланбас үшін, тәуліктік мөлшерін ірі қойлар үшін – 10-15 г, қозыларға – 5-8г аспауы керек. Қойларды таза сумен қамтамасыз ету керек, әсіресе олардың жаз айларында суға сұранысы жоғары болады да тәулігіне кем дегенде екі рет, таңертең және кешке суарылуы қажет. Азықтандыру нормасы деп малдан сапалы, әрі мол өнім алуға қажетті қоректік заттардың тәуліктік мөлшерін айтады. Азықтандыру нормасы малдың физиологиялық күйіне, жынысына, жасына, тірілей салмағы мен өнімділігіне байланысты жасалып, малдың азыққа деген тәуліктік мұқтаждылығының шамасын білдіреді. Елімізде қабылданған азықтандыру нормаларында, малдың азыққа деген мұқтаждылығының шамасын білдіреді. Елімізде қабылданған азықтандыру нормаларында, малдың азыққа деген мұқтаждылығының жалпы дәрежесі – азық өлшемі, қорытылатын протеин, кальций, фосфор, каротин және микроэлементтер мен ас тұзының мөлшері арқылы сипатталады. Малға жыл бойы бір норма белгілеуге болмайды. Өйткені ол малдың физиологиялық күйіне байланысты өзгеріп отырады. Мысалы, саулықты алатын болсақ, оған буаз кезінде, қозы емізетін мерзімінде, қозысынан айырғаннан кейін азықты әр түрлі нормамен белгілеуге тура келеді. Азықтандыру нормасы тиісті бір мерзімге арналып жасалады, сол мерзімнің бір тәулігінде малдың әр басына қанша қоректік заттар керек екендігін білдіреді. Азық рационы деп малға бір күн ішінде беруге ыңғайлап, есептеліп алынған азық түрлері мен мөлшерін айтады. Азық рационы – ғылыми негізде үйлестіріліп алынған, жалпы жұғымдылығы, қорытылатын протеині, минерал заттары мен каротиннің мөлшері жағынан

азық нормасына сәйкес келетін әр түрлі азықтардың қосындысы. Малды азықтандыру процесінде, рацион жеке азықтың желінуіне, малдың денсаулығы мен өнімділігіне қарай тексеріліп анықталады. Себебі бұл жағдай қойлардың денсаулығына, өсімталдығына, ет, жүн және тері өнімдеріне әсерін тигізеді. Қойды күзде бағудағы ең үлкен шарттың бірі-оның күнделікті өрісте жайылу уақытын неғұрлым ұзарта түсу болады. Алдыңғы қатарлы қой өсірушілердің тәжірбесі бойынша, бұл кезде қойдың бір күнде жайылатын уақыты 13-14 сағаттан кем болмауы тиіс, ауқатты жерлерді пайдалану қажет. Жайылымның қандайы пайдаланылса да, қойды тұздан тарықтырмау керек. Тұз жеп жүрген қойлар шөпті шабытты жеп, жылдам семіреді. Қойға керекті қоректік заттардың мөлшерін анықтау-қойдың тұқымына, жынысына, жасына, тірілей салмағына, өнімділігіне, саулықтың буаз-қысырлығына және сол шаруашылықтың негізгі бағытына байланысты болады. Қойды дұрыс азықтандыру мәселесінің маңызы өте зор болады. Дұрыс азықтандырылмаса, қойдың тіршілігін сақтау, олардан жүн, ет, сүт өнімдерін мол алу, буаз қойлардың іштегі төлін жақсы жетілдіру мүмкін болмайды. Қой тиісті норма бойынша жақсы азықтандырылса, берілген азық босқа ысырап болмайды.

Азық нормасы дегеніміз- қойдың тіршілігін сақтап, одан тиісті өнім алу үшін жұмсалатын қоректік заттардың анық жасалған мөлшері болады. Азықтың қоректілігін азық бірлігімен есептеледі.

Төмендегі 1 және 2 кестелерде қойлардың қалыпты азық нормалары келтірілді.

1 кесте - Қозысының жасына қарай саулық қойға азық беру норма

№	Топтар	Саулықтың тірілей салмағы (кг)	Жалқы қозылы қойға		Егіз қозылы қойға	
			Азық бірлігі	Сіңімді белогі	Азық бірлігі	Сіңімді белогі
1	I	40	1,45-1,55	139-140	1,60-1,80	145-165
2	II	50	1,60-1,70	135-150	1,70-1,90	150-175
3	III	60	1,70-1,80	145-160	1,85-2,05	160-185
4	IV	70	1,80-1,90	150-165	1,85-2,15	165-190

Қозылар 15-20 күннен кейін-ақ шөп жей бастайды. Бір-біржарым айдан соң олар шөпті көп жейді, бұл кезде оны толық сіңіре алатын болады. Сол кезден бастап қозылар емұн сиректете береді. Сондықтан қозылары ересек қойға азық берудің басқа нормасы қолданылады. Қойды нормамен азықтандырудың өзгешелігі бар. Қой басы көп сондықтан олардың әрқайсысын жеке-жеке азықтандыру өте қыйын болады және оның қажеті де жоқ. Тек аса бағалы тұқымдық әрбір қошқарды ғана жеке азықтандыруға болады. Кейде көрмеге дайындалатын қойдың әрқайсысы да жеке нормамен азықтандырылады. Сондықтан қойды азықтандыру нормасы тек орта есеппі мөлшер белгілеп, қойға рацион жасау үшін керек болады. Денесіне барған қоректі заттар жеткілікті бола тұрса да, мұндай шөпті қойдың артық жейтін себебі-азықтың көлемі аз болып, қойдың қарны тоймай қалуынан болады, ал нашар қойлар азықты олармен таласа жей алмайды, кейде тіпті өздерінің тиісті нормаларын да пайдалана алмай қалады. Соның нәтижесінде ондай қойлар тез арықтайды.

2 кесте - Қозылары ересек саулық қойға азық беру нормасы

№	Топтар	Саулықтың тірілей салмағы (кг)	Азық бірлігі	Сіңімді белогі (г)
1	I	40	1,35-1,50	110-115
2	II	50	1,45-1,60	115-130
3	III	60	1,55-1,70	125-140
4	IV	70	1,65-1,80	130-145

Егер азық рационы бірыңғай көлемді азықтан жасалған болса, қойдың қарны қампыйып тойған сыяқтанғанымен, олардың ішіндегі қоректі заттары жеткіліксіз болуы мүмкін. Әрине, егер қой күніне 3,5 - 4 кг шөп жей алатын болса, онда қандай нашар шөп болса да, оның сол

мөлшердегі қоректі заттары жеткілікті болар еді. Бірақ бір қой күніне ондай мөлшерлі шөп жей алмайды. Биязы жүнді қойды қоректі азықтармен тиісті мөлшерде қамтамасыз етумен қатар, азықты күнделікті беру тәртібін сақтау өте зор маңызды орын алады. Шаруашылықтың көбінде, биязы жүнді қойлардың қыстыгүні негізгі азықтары шөп пен сабан болады. Азықтың қайсысын қай ретте және қай мезгілде беру қолайлы екендігі жоғарыда айтылды.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Байытқанов К.А. Қазақстанның шабындықтары мен жайылымдықтарын жақсарту. Алматы, 1992. – 178 б.
2. Зыков Ю.Д., Копытин И.П. Мал азығын өндіру. Алматы: Білім, 1994. – 270 б.
3. Зыков А.А. Жем шөп қорының ресурстары. - Алматы: Білім, 1994. - 272 с.
4. Төреханов А.Ә. Табиғи жайылымдарды тиімді пайдалану негіздері. - Алматы : Ғылым, 2006. - 256 б.
5. Әлімов Е. Алматы облысының шөл аймағындағы жайылымдарды жақсартудағы агротехника. - Алматы: Білім, 1970. – 170 б.
6. Матвеев В.И. Шөл және шөлейт жайылымдарда игеру және жақсарту.- Алматы: Қайнар, 1996. – 150 б.
7. Сарбасов Т.И Қойға арналған түйіршектелген жем-шөп қоспасы. – Алматы: Қайнар, 1998. – 49 б.

РЕЗЮМЕ

Нормированное кормление животных осуществляется на основе норм кормления, включающих в себя показатели потребности организма для осуществления функций жизнедеятельности и синтеза продукции. Потребности организма для осуществления и поддержания своих жизненных функций выражаются в нормах поддерживающего кормления, к которому добавляются показатели потребности для образования продукции, т.е. продуктивного кормления. Определение необходимых питательных вещества для овец зависит от породы овец, пола, возраста, живой массы, продуктивности, суягности маток. Имеет важное значение от правильного кормления овец. При недостаточном кормлении овец наблюдается понижение жизнеспособности животных, ухудшение продуктивности, жизнеспособности молодняка.

В состав рациона кормления включаются все корма в количестве по суммарной питательности обеспечивающие все показатели норм кормления.

RESUME

Normalized feeding of animals is based on feeding rate, which includes indicators body needs to carry out the functions of life and of the synthesis products. Body needs to exercise and maintain their vital functions are expressed in norms supportive of feeding, to which added the indicators of need for education production, i.e. productive feeding. The definition of an essential nutrient for sheep depends on the breed of sheep, sex, age, live weight, productivity, the pregnancy of ewes. Is important to proper feeding of the sheep. When there is insufficient feeding of sheep there was a decrease of viability of animals, the deterioration of the productivity, viability of young animals. The composition of the feeding diet includes all the food in the amount of total nutrition provides all the measures of feeding rate.